

# Егемен Қазақстан

«Тәуелсіздік дәуірі» – бір дәуірдің үні

Ел жадында әлі күнге жаңғырып тұрған айрықша бір кезеңдер ұлт тарихының бетінде аз емес. Сол тарихи оқиғалар мен кезеңдердің ішінде қайталанбас сипатымен орын алатыны, бүгінгі бастан кешіп отырған отандық тарихымыз болар, сірә.



Шын мәніндегі мемлекеттілігімізді бекіткен дәуір, бұл – Тәуелсіздік дәуірі. Тәуелсіздіктің қалай келгені, алмағайып аласапыранның арасында жүріп, тұсауының қалай кесілгені бүгінгі көзіқарақты адам үшін көп дәлелді керек ете бермейтін даусыз-талассыз шындық. Сол дәуірдің басты қаһарманы да, осы дәуірдің ауыр жүгін иығына салып көтерген нар

тұлғасы да, тарихи тағдырлы кезеңнен халқымызды аман-есен алып шығып, ел егемендігін қамтамасыз еткен де Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. Сондықтан бүгін артта қалғанымен, ауыр жүктің табы әлі күнге дейін арқасында қалған сол кезең туралы қалай толғаса да, айтуға толық моральдық хақы бар бір адам болса, ол біздің Президентіміз. Дәуір туралы толғақты сөзді, тиянақты тұжырымды айту тек дәуірдің жүгін иығына салып көтерген тұлғаларға ғана жарасады. Қазақ елін әлемдік кеңістікке алып шыққан дәуірлік тұлға – Тәуелсіздіктің авторы деген сөз. Тәуелсіздік туын тіккен бас қаһарман ретінде бүкіл жауапкершілікті мойнына алып, сын сағатында сенім артқан жұртын алға қарай жетелей отырып, тығырықтан жол іздеген жылдардағы түйінді, толғамды ойын ел игілігіне айналдырып отырған кітапта Нұрсұлтан Әбішұлы жеріне жеткізіп айтқан. Бұл кітапты саяси сарапшылардың өзі «ел тәуелсіздігінің энциклопедиясы», деп бағалап жатыр. Бекер емес.

Алғашқы тәуелсіздіктің дәмі қандай еді, халық қалай қабылдады, қиындық қалай еңсерілді, кімдермен қандай тарихи байланыс орнатты, мемлекет қалай қалыптасты – көптің көз алдында өтіп жатқан буырқанысқа толы оқиғалар кітап беттерінен айна-қатесіз тізбегін тауыпты. Сол себепті болар, Президентіміз баспа бетін жаңа көріп отырған кітабының алғашқы беттерін елең-алаң уақытта өзіне тіреу болған, арқа сүйеген халқына рахмет айтудан бастапты. Кішіпейілділікпен айтылған жылы сөз ішіңнің ең қалтарыс-қараңғы бұрышына да жарығын түсіреді.

26 жыл ішіндегі республиканың жаңа тарихы туралы баяндалатын кітап публицистика жанрында жазылғанымен, Президент жаңа тарихты, ел болашағын өз көзқарасымен көркем пайымдайды. Бүгінгі ұрпақты, әсіресе менің жасымдағы буынды сол кезеңдегі әр оқиға, әр сәт жаңғыртып отырады. Ал 26 жастағы жігіттер мен қыздар үшін кинолентадан өтіп жатқан ғажайып ертегі елесі секілді қабылдануы мүмкін. Бірақ Қазақстан халқы үлкен тарихи сынақтан өтті. Ұрпақ осыны білуі керек. Егемендікке қол жеткізген алғашқы жылдардағы әр ерекше оқиғаны ескеруі, жетістік сырын сезінуі маңызды. Кітап бүгінгі ұрпаққа арналып жазылып отыр. Тәуелсіздігімізді дамытатын, оны әрі қарай өрістететін, мемлекеттілік сипатымызды бедерлей түсетін кейінгі буын балалардың қолына берілген рухани күшті құрал. Сондықтан Президентіміздің бұл еңбегінің рухани кеңістігіміздегі орны алабөтен ерекше құндылық ретінде қабылданып жатуы заңды. «Тәуелсіздік дәуірі» – бір дәуірдің үні, күретамырында бүлкілдеп соғып жатқан дербестік дәуірінің тынысы. Біздің ұлттық мемлекетіміздің болмысын айғақтайтын, шын мағынасындағы тарихты таңуға көмектесетін және болашақ ұрпаққа соны қамтамасыз етуге жұмылдыратын іргелі еңбек екені ақиқат. Рухани айналымға ендіре отырып, кітаптың насихаты арқылы тарихты бағалау, отансүйгіштік пен ұлтжандылық ұғымын кеңейте түсу көзделгені дұрыс. Кітаптың соңында «Ұлы тарих ұлы болашақты тудырады» деген сөйлемдер бар. Ұлы болашақтың тағдыры ұлтын сүйетін жастарға байлаулы, ал жастарымыздың жеңіс пен жетістікті көздеген тәуелсіздіктің кешегі, бүгінгі тарихынан тағылым алғаны дұрыс деп ойлаймын.

Нұрлан ОРАЗАЛИН

ақын-драматург, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы